Дұрыс емес операциялардан толық қорғаумен қамтылмаған айырғышты кернеуі 1000 В жоғары электр қондырғыларда, күрделі қосулар бланк бойынша іске асырылады.

Қосулар бланкінде электрқондырғыларды қосу және сөндіру операциялары реті негізінде қалай болса, дәл сон дай ретпен толтырылады.

Бір электр жалғауындағы және қондырғыдағы, толығымен ажыратқыш қорғауымен қате қосылу операцияларынан қорғалған қарапайым қосуларды, бланкісіз орындауға болады.

Қосулар бланкін тәуелсіз орындаушы болып табылатын кезекші толтырылады және қолын қояды. Операция орындалуын қадағалайтын аға кезекші, бланкті тексереді және қолын қояды. Жұмыс орнында аға кезекші операция мазмұнын орындайды, орындаушы оқығанды қайталайды және жұмысқа кіріседі. Аға кезекші орындаушыны қадағалайды және операция орындалуын бланкіге енгізеді. Күдік туғанда операция дұрыс ретін анықтағанша тоқтатылады. Егер кезекші қосуларды өзі істейтін болса, бұйрық берген аға кезекшіге телефон арқылы бланкідегі көрсетілген операциялар ретін оқиды. бұл кезекші қадағалаушы болып табылады.

Қосуларға рұқсатты орындаушы оларды орындауда телефон арқылы алуға міндетті.

Жалғауларды қосып ажыратуды ажыратқыш көмегімен істейді. Егер ажыратқыш қолмен қосылатын жетекті болса, онда қосуларды оқшаулаушы негізді, диэлектрлік қолғаппен орындайды. Ажыратқышты тез және шегіне дейін қосу керек.

Айырғыштарды қосу және ажыратуды жүктемесіз орындайды. Айырғыштармен жерге тұйықталған тоқтарды және әуе желісінің немесе кабельдің төменде 5.1 кестеде келтірілген мәндерінен аспайтын зарядтық тоқтарын сөндіру үшін қолданылады:

4.1-кесте- Айырғыштармен жерге тұйықталған тоқтарды және әуе желісінің немесе кабельдің мәндері

Кернеуі, кВ	Жерге тұйықталу тоғы А	Фазаға келетін зарядтық тоқ, А
3-6	7,5	2,5
10-20	3,0	1,0
35	1,5	0,5

Айырғыштарды жұлқып қосу керек. Егер мұнымен қоса доға пайда болса, пышақтарын аяғына дейін апару керек. Пышақтың артқа қайтуы доғаның күшеюін тудырады және жазымға әкеледі. Айырғышты керісінше жәй сөндіру керек, әсіресе бастапқы кезінде. Егер пышақтар ажырауында доға туса, айырғышты қайта қосу керек.

Айырғыштарды диэлектрлік қолғаптарда сөндіреді (қосады). Фазалық басқарудағы және вертикалды орналасқан айырғыштарды оқшаулағыш штанга көмегімен, оқшаулағыш бетте тұрып, диэлектрлік қолғап киіп қосады. Бір жалғауы бар қарапайым қосуларды кем дегенде IV квалификациялық тобы бар жедел персоналға жеке орындауға рұқсат беріледі.

Кернеудің жоқтығын тексеруді, жылжымалы жерлегіштерді кем дегенде екі орындаушыға орындауға рұқсат беріледі.

1000 В дейінгі қондырғыдағы аппаратураларды III квалификациялық тобы бар бір жұмысшы қосады, егер ол кезекші болса, немесе IV квалификациялық тобы бар жұмысшы, егер ол кезекші болмаса.

Қосуларды орындайтын персонал, қалыпты қолдану жағдайында, сонымен бірге апатта, кернеу жоғала қалған жағдайда, ол қайта берілуі мүмкіндігін қатаң білу керек.

Техникалық қорғау шараларына: жерге қосу, нөлдеу, ескарту плакаттарын, оқшауланған қорғау құралдарын және т.б. жатқызуға болады.

Жерге қосу. Қорғаныстық жерге қосу дегеніміз, кернеу астында қалуы мүмкін болған электр қондырғысының металды бөліктерін жермен арнайы қосуды айтамыз. Қорғаныстық жерге қосуды аспаптардың, электр инструменттерінің, щит, шкафтардың металды корпустарына, сонымен бірге кабелдік муфталар, электр сымның болаттан жасалған трубаларының металды бөліктеріне жүргіземіз.

Қорғаныстық жерге қосудың мақсаты, ол корпус пен жер арасындағы кернеуді, яғни жанасу кернеуін және де соған байланысты адам денесі арқылы жүріп өтетін тоқты қауіпсіз шамаға дейін азайту болып табылады.

Біздің төмендеткіш ҚС 110/10 кВ екі трансформатор орналасқан. Оның 110 кВ-тағы нейтралды жерге қосылған. 6/0,4 кВ трансформатор өзіндік қажетіне арналған. Ол толық жерге қосылған. 110 кВ тарату құрылғыларға ашық түрдегі, 6 кВ жабық түрде.

Қорғаныстық жерге қосу құрылғысының техникалық жағдайын анықтау үшін оларды мезгілімен тексеріп және кедергісін өлшеп тұрамыз. Кәсіпорындарда қорғаныстық жерге қосу құрылғысының кедергісін өлшеу жылына 2 рет жүргізіледі: жазда (топырақ кепкен кезде), қыста (топырақ катқан кезде). Электр станцияларында тексеру әр жыл сайын болса, ал әуе және кабелдік желілерінде найзағай болу мерзімінің алдында (сәуір-мамыр айлары) жүргізіледі.

Өлшеуді арнайы М-416 елшегісімен немесе амперметр-вольтметр әдісімен жүргіземіз.

Жерге қосқыштар табиғи және жасанды болады.

Табиғи жерге қосқыш ретінде ғимараттардың жерге көмілген ток өткізетін беліктерін, су және басқа құбырларын, кабелдің қорғасын қабатын пайдалануға болады. Бірақ та табиғи жерге қосқыш ретінде газ және басқа жарылғыш заттар жүретін құбырларды пайдалануға болмайды.

Біз өзіміздің қосалқы станциямызға жасанды жерге қосуды таңдадық.

Жасанды жерге қосқыш ретінде болат, мыстан жасалған құбырларды және басқа металдарды қолданады. Олар траншеяға топырақ катпайтын тереңдікте көміледі. (құбыр диаметрті 5-6 см, ал қалыңдығы 3,6 мм аз болмауы керек). Жерге қосқыштар бір-бірімен пісіріп бекітіледі.

Стансаның қондырғыларын нөлдеу

Нөлдеу. Нөлдеу дегеніміз, кернеу астында қалуы мүмкін болған электр қондырғысының металды бөліктерін қорғаныстық нөлдік сыммен қосуды айтамыз.

Нөлдеудің мақсаты - бір фазалы қысқа тұйықталуда корпусқа өтіп кетуінің алдын - ала отыра, қорғанысты іске қосып және қоректену торабынан электр қондырғысын аз уақыт ішінде ажырату.

Станса аймағында біршама адамдардың жұмыс істеуіне байланысты, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек. Сондықтан аса маңызды шаралардың бірі кернеуі 1000 В дейінгі электр тоғынан зақымданудан қорғанудың негізгі шаралары нөлдеу болып табылады.

Нөлдеудің мақсаты бір (немесе екі) фаза корпусқа тұйықталғанда, электрқондырғыны желіден тез арада сөндіру. Апатқа ұшыраған кезеңде адамның нөлденген қорабқа тиіп кету қауыпсіздігін қамтамасыз етеді. Нөлдеуге жататын бөлігі мыналар: трансформаторлар, аппараттар және т.б. электр аппараттарының тартпалары, өлшеуіш трансформаторлардың екінші орамы, тарату қондырғыларының екінші металдық конструкциясы, және жөндеуге арналған орындар, жазылмалы және қозғалмалы электрқабылдағыштың қораб бөлігінде орналасқан.

Қорғау құралы ретінде балқымалы сақтандырғыштар және автоматты ажыратқыштар қолданылады. Үлкен тоқ пайда болған кезде (ҚТ тоғы) балқымалы сақтандырғыштар күйеді немесе автоматта электромагнитті тізбек ашылады, тізбек ажыратылады және электр қондырғысы тораптан ажыратылады.

Нөлдеу құрылғысында қоректену көзінің бейтарабы жерге қосамыз. Ол нөлдік сымдағы, сонымен бірге фазалардың жерге кездейсоқ тұйықталуында электр қондырғысының корпусындағы кернеуді азайту үшін жүргізіледі.

Қорғаныстық нөлдік сым белгілі қашықтықта қайталап жерге міндетті түрде қосамыз.

Нөлдік сымды қайталап қосу нөлдік сым үзіліп қалу жағдайында немесе фазаның корпусқа тұйықталуында электр тоғының әсер ету қауіпін азайту мақсатында жүргіземіз.

Қондырғыны пайдалану алдында, сонымен бірге мерзімді түрде нөлдену тексеріліп тұрады.

Оқшауланған қорғаныс құралдары және оларды қолдану.

Оқшауланған қорғаныс құралдары адамды кернеу астындағы электр қондырғыларынан және жерден оқшаулайды.

Барлық оқшауланған қорғаныс құралдары негізгі және қосымша болып бөлінеді. Негізгі оқшауланған құралдарын қолданып адам кернеуге қосылған тоқ өткізгіш бөліктерді ұстауға болады. Сондықтан, бұл заттардың оқшаулағышы электр құралдарының жұмыс кернеуін сенімді ұстауы керек.

Қосымша қорғаныс құралдары негізгі қорғаныс құралдарымен бірге қолданылады, сонымен қатар қадам кернеуінен қорғану шараларына жатады.

1000 В қа дейінгі және жоғары кернеулерге арналған қондырғыларда әр түрлі қорғаныс құралдарын қолданамыз.

Кернеуі 1000 В электр құрылғыларды оқшаулайтын негізгі оқшаулағыштарға оқшаулағыш штангілер, оқшаулағыш және тоқ өлшегіш қысқыштар, кернеу көрсеткіштері, оқшаулағыш құрылғылар және жөндеу жұмыстарына арналған құралдар (оқшаулағыш сатылар, аудандар, габариттер және т.б.).

Қосымша оқшаулағыш құралдарға диэлектрлік қолғаптар, диэлектрлік резеңке кілемшелері және қосалқы қойғыштар.

Диэлектрлік қолғаптарды екі түрде 1000 В – қа дейінгі және 1000 В – тан жоғары құрылғыларға арналған. Жұмыс алдында қолғаптарды тексеру керек.

4.2 №5 қосалқы стансадағы диспечерлік бөлменің ауа алмасуын есептеу

Қосалқы стансаларда кез-келген технологиялық процесстерді атқару барысында жұмыс бөлмелеріндегі ауаға әртүрлі зиянды заттар кіреді. Кейбір жағдайларда олардың көзі болып технологиялық қондырғы болады, ал басқа жағдайда – технологиялық процесстердің жүру кезіндегі құрылатын зиянды шықпалар.

Өндіріс бөлмелеріндегі тиісті метеорологиялық жағдайды құру, яғни шанды, газдармен буларды, жарылыс тудыратын концентрацияларды жоюдың эффективті тәсілі – өнеркәсіптік ауа алмастыру болып табылады.

Ауа алмастыру жүйесінің жұмысы тұрақты жұмыс орнында, жұмыстық және қызмет көрсету аймақтарында СН 245-71 и МЕМСТ 12. 1005-76 « Жұмыс аумағының ауасы» - санитарлы нормаға сәйкес метеорологиялық жағдай және ауа ортасының таза болуын жасау тиіс.

Сонымен қатар, ауа алмастыру технологиялық процесстердің, құрылғылардың сақталу және ғимараттардың құрылыс конструкцияларының талаптарына сәйкес жағдайды қамтамасыз етуі тиіс.

Ауа алмастыру – бұл бөлмедегі ұйымдастырылған ауа алмасу. Бұл жұмыста жабық тарату құрылғысындағы (ЖТҚ) табиғи ауа алмастыру қарастырылады.

Бөлмеде бес жұмысшы қызмет етеді. ПС ғимаратының ауданы 12 м² жеті терезе.

Жылы кездегі бөлмеден шығаруға қажетті артық жылу мөлшерін анықтйық:

$$Q_{изб} = Q_{об} + Q_{осв} + Q_{л} + Q_{р}, \quad (4.2.1)$$

мұндағы:

$Q_{об}$ - өнеркәсіптегі құрылғының жылуы, Вт;

$Q_{осв}$ – жасанды жарық жылуы, Вт;

$Q_{л}$ – жұмыс персоналының жылуы, Вт;

$Q_{р}$ – күн сәулесінің жылуы, Вт.

Өнеркәсіптегі құрылғының жылуы:

$$Q_{об} = P_{об} \cdot \eta, \quad (4.2.2)$$

мұндағы: $P_{об}$ – құрылғының қуаты, кВт;

η - жылудың бөлмеге өту коэффициенті ($\eta=0,85$ -ОБП үшін).

$$Q_{об} = 35000 \cdot 0,85 = 29750 \text{ Вт}$$

Жасанды жарықтанудан шығатын жылуы:

$$Q_{\text{осв}} = P_{\text{осв}} \cdot \alpha \cdot \beta \cdot \cos \varphi, \quad (4.2.3)$$

мұндағы: $P_{\text{осв}}$ – жасанды жарық қуаты, Вт;

α – электр энергияның жылуға өту ПӘК (жай шам үшін -0,92 - 0,97, желдеткіш үшін - 0,4, басқа қондырғылар үшін - 0,1- 0,2);

β – құрылғылардың бір уақытта істеу ПӘК (барлық құрылғы істесе ($\beta=1$)).

$\cos \varphi$ – коэффициент 0,7÷0,95.

$$Q_{\text{осв}} = 20 \cdot 40 \cdot 0,95 \cdot 1 \cdot 0,95 = 570 \text{ Вт};$$

Жұмыс персоналының жылуы:

$$Q_{\text{л}} = n \cdot q_{\text{чел}}, \quad (4.2.4)$$

мұндағы: n – бөлмедегі адам саны;

$q_{\text{чел}}$ – бір адамның жылу шығыны (80 - 116 Вт);

$$Q_{\text{л}} = 5 \cdot 100 = 500 \text{ Вт}$$

Күн сәулесінің жылуы:

$$Q_{\text{р}} = m \cdot F \cdot q_{\text{ост}}, \quad (4.2.5)$$

мұндағы: m – терезе саны;

F – бір терезе ауданы, м²;

$q_{\text{ост}}$ – ауданы 1 м² әнек бетіндегі күн радиациясы.

$$Q_{\text{р}} = 7 \cdot 1,8 \cdot 128 = 1612,8 \text{ Вт}$$

Толық жылу шығыны :

$$Q_{\text{изб}} = 29750 + 570 + 500 + 1612,8 = 34122,08 \text{ Вт}$$

Бөлмедегі артық жылуды шығару келесі өрнек бойынша анықталады:

$$L_{\text{б}} = \frac{Q_{\text{изб}}}{C_{\text{б}} \cdot \Delta t \cdot \gamma_{\text{б}}}, \text{ м}^3/\text{ч} \quad (4.2.6)$$

мұндағы: $Q_{\text{изб}}$ – артық жылу, Вт;

$C_{\text{б}}$ – ауның жылу сыйымдылығы (0,278 Вт*ч/(кг °С);

$$\Delta t = t_{\text{вых}} - t_{\text{вх}}, \quad (4.2.7)$$

мұндағы: $t_{\text{вых}}$ – бөлмеден шығатын ауа температурасы, °С =28 °С;

$t_{\text{вх}}$ – бөлмеге келетін ауа температурасы, °С; жаз үшін – +20 °С

$\gamma_{\text{б}}=1,206 \text{ кг/м}^3$ – келетін ауаның салыстырмалы массасы.

$L_{\text{б}}$ келесі өрнектен анықталады:

$$L_{\text{б}} = \frac{34122,08}{0,278 \cdot 8 \cdot 1,206} = 12721,94 \text{ м}^3/\text{ч}$$

ОБП ғимаратынан желдің жылдамдығы 12 м/с кезіндегі 123456 м³ жылу шығынын шығару үшін ЦАГИ типті дефлекторларға есептеу жүргіземін. Дефлектор патрубкасындағы ауа жылдамдығын анықтаймын:

$$v_{\text{о}} = 0,2 \cdot 12 = 2,4 \text{ м/с}$$

Дефлектор диаметрі::

$$D = 0,0188 \cdot \sqrt{\frac{13000}{2,4}} = 1,4 \text{ м};$$

Дефлектор қимасының ауданы:


$$S = \pi \cdot \left(\frac{D}{2}\right)^2 = 3,14 \cdot 0,7^2 = 1,54 \text{ м}^2$$

Бір дефлектордың жұмыс өнімділігі:

$$W_{\text{вд}} = 3600 \cdot v_{\text{д}} \cdot S = 3600 \cdot 2,4 \cdot 1,54 = 13305,6 \text{ м}^3 / \text{ч} \quad (4.2.8)$$

Жылу шығынын шығару үшін ұсынылып отырған ЦАГИ дефлекторы шартты қанағаттандарады.

Сонымен ғимараттағы ауа алмастыру шахтасына диаметрі 1,4 м және жұмыс өнімділігі 12345 м³/сағ. бір дефлектор орнатылады.



4.2.1-сурет – ПС ғимаратындағы ауа алмастыру

5 Экономикалық бөлім

5.1 Жалпы бөлім

5.1.1 Жобаны жасаудың мақсаты

Берілген бөлімде Алматы қаласының маңында «№5» подстанциясын салу көзделіп отыр. Яғни, бұл электр стансасын салу үшін құрылыс материалдар, көптеген әр түрлі жабдықтар мен аппараттар қажет болады. Осы салынғалы жатқан станцияда ТДН-16000/110 типті екі трансформатор бар. Станция орналасқан жердің климаты қоңыржайлы климат болып келеді.

Бұл станцияны салудың негізгі мақсаты – тұтынушыларды электр энергиясымен қамтамасыз ету болып табылады.

5.1.2 Нарықты талдау

Бұл аймақта қуат жетіспеушілігі байқалады. Ал болашақта осы қосалқы станцияны іске қосқаннан кейін, тұтынушыларға қосымша электрэнергиясы беріледі.

5.1-кесте– Электрэнергиясын тұтыну

<i>Есептік период</i>	<i>2016 ж., млн. кВт·сағ</i>	<i>2018 г., млн. кВт·сағ</i>
Электрэнергиясын қосынды тұтыну	360	543,9

5.1.3 Электр энергиясының тарифі

Электрэнергисының тарифін таратып жатқан электрэнергисының өзіндік құнынан белгілейміз. Құндық есеп үшін қазіргі тариф пен бағаны қарастырамыз.

5.1.4 Өндіріс жоспары

Нысанды салу, қайта құру немесе жаңарту сипаттамасын беру керек және барлық жұмыстардың мерзімін көрсету керек. “№5” подстанциясын салу мерзімі құрылыстық норма бойынша 12 айға созылады. Кесте 1 берілген сияқты, электр энергиясын электр станция шинасынан жіберу бағдарламасы анықталады. “№5” подстанциясын салу қайта құрғаннан кейінгі жетінші жылы электрэнергиясын тарату 360 кВт·сағ құрайды. Жылдық электроэнергия шығыны кВт·сағ.

1. Энергияның айнымалы шығындары және оған байланысты ұстанымдар

Айнымалы шығындар трансформаторлардағы айнымалы шығындарды және линияның сымдары мен кабелдерінің активті кедергілеріндегі шығындарын есептеу арқылы анықталады.

Трансформаторлардағы айнымалы шығындардың мәндері келесі кейіптемемен анықталады:

$$\Delta \mathcal{E}_{\text{перем.т.р.}} = n \cdot \Delta P_K \cdot T \cdot \frac{S_{\max}}{S_{\text{н.н.о}}}; \quad (5.1)$$

$$\Delta \mathcal{E}_{\text{перем.т.р.}} = n \cdot \Delta P_K \cdot T \cdot \frac{S_{\max}}{S_{\text{ном.}}} = 2 \cdot 310 \cdot 85 \cdot \frac{100000}{16000} = 329400000 \text{ кВт} \cdot \text{сағ};$$

мұндағы ΔP_K – қысқа тұйықталу шығыны.

2. Тұрақты шығындар қосалқы станциялардағы автотрансформаторларда ысырап болатын шығындарды есептеу арқылы анықталады:

$$\Delta \mathcal{E}_{\text{пост.т.р.-р}} = n \cdot \Delta P_{\text{xx}} \cdot 8760; \quad (5.2)$$

$$\Delta \mathcal{E}_{\text{перем.т.р.}} = 2 \cdot 18 \cdot 8760 = 315360 \text{ кВт} \cdot \text{сағ};$$

мұндағы n – трансформаторлар немесе автотрансформаторлардың саны;

ΔP_{xx} – трансформатор немесе автотрансформатордағы бос жүріс шығындары.

5.2-кесте - Қосалқы станция шинасынан электр энергиясын жіберу бағдарламасы

Көрсеткіштер	Нысанды салу және пайдалану жылдары			
Жүктеменің өсу коэффициенті, %				
Қосалқы станцияны және желілерді салу бойынша				
Желіге келіп түскен электр энергиясы, млн.кВт				
Энергия шығыны, млн.кВт.сағ:				

5.1.5 Ұйымдастыру жоспары

Электр стансасында жоғары автоматтандырылған жабдықтар орнатылады. Бұл электрмен жабдықтаудың сенімділігінің көзі. Жабдықтарды, арматураны электр стансасының персоналы жөндейді. Ал аса күрделі жөндеу жұмыстарын арнайы жөндеу ұйымдардың персоналы көмегімен іске асады.

5.1.6 Зандық жоспар

Электр станцияны салу инвесторлардың көмегімен жүзеге асады. Электр стансасы салынғаннан кейін станция өзі өндіретін электр энергиясының 10 %-дан көп емес мөлшерін ғана пайдалануы тиіс. Несиені төлеу схемасын жылына 18 % және іске қосқаннан бірінші жылынан деп қабылдаймыз.

5.1.7 Экологиялық ақпарат

Электр станция салынатын аймақтың экологиялық жағдайы санитарлық нормаларға сәйкес және электр станцияны іске қосқаннан кейін де, экологиялық жағдай аса өзгермейді.

5.2 Энергетикалық нысанның техника-экономикалық көрсеткіштерін есептеу

5.2.1 Электр стансасын салуға қажетті қаржыны анықтау

Жылу электр стансаларына салынатын меншікті қаржы орнатылатын қуаттың бір киловат-сағаттағы құнын анықтауға мүмкіндік береді. Оның құны стансаға орнатылатын қондырғылардың түрлеріне, қуатына технологиялық байланыс схемаларына, салынатын жердің жағдайына, пайдаланатын отын түрлеріне байланысты болады.

Электр стансасын салуға кететін қаржы салымдары:

$$K = K_{\text{менш.}} * T_{\text{орн}} * K_{\text{т.к.}} ; \quad (5.3)$$

мұндағы $K_{\text{менш.}}$ - меншікті қаржы салымы, теңге (кесте 2 қараңыз).

$T_{\text{орн}}$ - орнатылатын қуат , МВт;

$K_{\text{т.к.}}$ - станасаны қандай аймаққа салынатын ескеретін түзету коэффициенті (0,99-1.1 аралығында алуға болады).

$$K = K_{\text{менш.}} * T_{\text{орн}} * K_{\text{т.к.}} = 2597 \text{ \$/кВт} * 100 * 1,05 = 272685 \text{ млн.\$};$$

5.2.3 Электр стансаны салуға кететін қаржы салымдарын анықтау

Электр сатнсаға кететін қаржы салымдары келтірілген анықтамаларда жалпылама қосынды құндары келесідегідей құраушылармен анықталады:

- Кернеу және ток трансформаторлары;
- трансформаторлар (автотрансформаторлар (АТ));
- ажыратқыштар және айырғыштар;
- шығындардың тұрақты бөліктері.

Электр сатнсаны салуға қажетті қаржы төмендегідей анықталады:

$$K_{\text{к/ст}} = (\sum K_i \cdot n_i + K_{\text{тұр.}}) \cdot \alpha_p; \quad (5.4)$$

мұндағы K_i – таратушы құрылғалардың, трансформаторлардың, ток шектеуіш реакторлардың құндық көрсеткіштері, сонымен қатар жоғары

жиеліктік байланыспен жабдықталған сызықты ұяшықтарға қосымша қаржы салымдары;

n_i – ондағы жабдықтар бірлігінің саны;

$K_{\text{тұр.}}$ – электр стансаның қуатына аз тәуелді болып келетін электр станса бойынша шығындардың тұрақты бөлігі;

a_p – қандай аймаққа салынатынын ескеретін коэффициент.

$K_{\text{эл.ст}} = ((50000 \cdot 2 + 60000 \cdot 2 + 55000 \cdot 2 + 60000 \cdot 2 + 60000 \cdot 3) + 94500) \cdot 0,99 = 717255$ теңге;

ТҚ ұяшығының құнына ажыратқыштардың, айырғыштардың, ток пен кернеу трансформаторларының, қайта кернеуленуді шектегіштің, басқару аппаратурасының, сигнал берудің, ЖҚ және А, бақылау кабелдерінің, шиналық өткізгіштердің, құрылыс конструкцияларының, фундаменттердің, сондай-ақ құрылыс-монтаждық жұмыстардың құндары кіреді.

Трансформаторлардың есептік құнын есептеген кезде шиналық өткізгіштерді де орнату, шина өткізгіштерін, найзағайдан қорғану, жерге тұйықтау, бақылау кабелдері, релелік қорғаныс, құрылыс конструкцияларының, құрылыс-монтаждық жұмыстардың шығындарын есепке алыну керек.

Электр станса бойынша шығындардың тұрақты бөлігінің көрсеткіштері нысан салынатын ауданның дайындаудың, жалпы қосалқы сансаны басқару пунтінің, өз қажетіне жұмсалатын шығындар бойынша құрылыстардың, аккумуляторлық батерея, компрессор, ішкі және сыртқы жолдардың, байланыс пен телемеханика құралдарының, май шаруашылығы, су тасымалы, канализация, сыртқы жарықтандыру және басқа да жалпы қосалқы стансалық элементтердің құны бойынша қосынды толық шығындар кіреді.

Электр стансаға қажетті барлық қаржы салымдары бойынша есептеулер кесте 2 енгізіледі.

Электр станцияны қайта құруға кететін қаржы салымын анықтайық. Ол трансформатор, ажыратқыш, айырғыш, ток және кернеу трансформаторларының құнынан тұрады.

Электр станцияға қажетті барлық қаржы салымдары бойынша есептеулер кесте 3.3 енгізіледі.

Қосалқы станцияның жабдықтарына кететін капиталдық салым:

$K_{\text{пс}} = 204,8 + 29,18 = 233,98$ млн. теңге;

Материалға кететін шығындар:

$$I_{\text{матер.}} = (0,1 \div 0,15) \cdot K_{\text{пс}}; \quad (5.5)$$

$I_{\text{матер.}} = 0,15 \cdot 233,98 = 35,097$ млн. теңге;

Жалақыға кететін шығындар:

$$I_{\text{зн}} = \sum (H_i \cdot 3\Pi_i) \cdot 1,215 \cdot m; \quad (5.6)$$

мұндағы H_i - бригададағы i -ші разрядты жұмысшылар саны;

$ЗП_i$ - і-ші разрядты жұмысшылардың жалақысы, млн. тенге;
 m - салыну мерзімі, ай;

5.3 -кесте - Нысанға салынатын қаржы

<i>Жабдық атауы</i>	<i>Жабдық саны, дана</i>	<i>Бір бірлік жабдықтың құны, млн. тг.</i>	<i>Жалпы құны, млн. тг.</i>
Трансформатор 16000000-110 кВ	2	45,67	91,34
110 кВ ажыратқыш	2	12,6	25,2
110 кВ айырғыш	2	3,4	6,8
10 кВ айырғыш	16	2,42	38,72
110 кВ шығарылған тоқ трансформаторы	2	0,66	1,32
10 кВ шығарылған тоқ трансформаторы	19	0,56	10,64
110 кВ кернеу трансформаторы	2	0,84	1,68
10 кВ кернеу трансформаторы	4	0,6	2,4
Барлығы			204,8

5.4-кесте -Қосалқы станцияға қаржы салымы (төменгі кернеулі жабдық)

<i>Жабдық атауы</i>	<i>Саны, дана</i>	<i>Бірлік құны, млн. тг.</i>	<i>Барлығы</i>
110 кВ желінің релелік қорғаныс шкафы «SIEMENS» фирмасы	2	6,48	12,96
Трансформатордың релелік қорғанысы. «SIEMENS» фирмасы	2	8,11	16,22
Барлығы			29,18

Электр станцияны қайта салуға қажетті жұмысшылар құрылымы:

5.5-кесте -Жұмысшылардың жалақысын есептеу

Квалификациясы	Разряд	Саны	ЗП _i , мың тенге	Σ ЗП _i , мың тенге
Монтаждаушы	IV	8	70	420
Монтаждаушы	V	5	70	350
Дәнекерлеуші	IV	2	70	140
Слесарь	III	3	55	165
Слесарь	IV	2	65	130
Баптаушы	IV	6	100	600
Бригадир	V	1	120	120
Жұмысшыларға кететін жалақы шығыны				1925
Электр стансасын қайта құру мерзімі, ай				12

5.2.4 Желілерге қажетті қаржы салымдарын анықтау

Электр желілерін салу құны негізгі оның параметрлері: кернеуі, ұстынының түрі, сым маркасының, фаза конструкциясының салынатын аймақтың, трассаның сипаттамасы, климаттық жағдайы арқылы анықталады және төмендегідей берілді:

$$K_{эж} = k_{менш} \cdot L \cdot \alpha_{жт} \cdot \alpha_a + \Delta K_{о.кес.} + \Delta K_{ж.ж.} + n_{р.б.} \cdot K_{ж.б.} + K_{бл.}; \quad (5.7)$$

мұндағы $K_{менш.i}$ –кернеу мен және цептердің санына сәйкес, сондай-ақ трассаның жүріп өту шартын (тегіс жермен, егер орман болса 10% артық емес, жүкті трассаға дейін жеткізу 20 км-ден артық емес және жабдықты трасса бойынша тасу 10 км артық емес) ескеретін, әрбір 1 км линияға қажетті меншікті құн;

L - линия ұзындығы;

$\alpha_{жт}$ – желдің тегеурінінің жылдамдығын ескеретін түзету коэффициенті;

α_a – трассаның қандай аймақпен өтетін ескеретін коэффициент;

$\Delta K_{о.кес.}$ – ормандағы ағаштарды кесуге кететін шығындар, егер орман трассаның 10% құрайтын болса;

$\Delta K_{ж.ж.}$ – жүкті линияға жеткізу шығындары, егер жеткізу шарты жоғарыдағыдан айырмасы болса;

$n_{р.б.}$ – линия бойы бойынша жөндеу базаларының саны;

$K_{ж.б.}$ – бір жөндеу базасын салуға және жабдықтауға қажетті шығындар;

$K_{бл.}$ – тасымалдау желілері бойы бойынша байланыс желілерін тарту шығындары.

Есептеу кезінде бір жөндеу базасын салуға және жабдықтауға қажетті шығындарды, сонымен қатар айланыс линияларының шығындары 10% деп алынады.

$$K_{эж} = 1000000 \cdot 10000 \cdot 1 \cdot 1,1 + 150000 + 50000 + 8 \cdot 63000 + 80000 = 11000,78 \text{ млн. теңге};$$

5.3 Өндірістің жылдық ұстанымдарын анықтау

5.3.1 Стансаның жылдық шығындарын анықтау

Отын шығындары төмендегідей анықталады:

$$Ш_{отын} = B_{отын} \cdot B_{ш.о.} \quad (5.8)$$

Мұндағы $B_{ш.о.}$ - электр энергиясын жіберуге кететін шартты отынның жылдық шығыны:

$$B_{ш.о.} = B_{менш} \cdot W_{жыл} = (0,16 - 0,3) W_{жыл} = 0,3 \cdot 8760 = 2628 \text{ кг.ш.о./жыл},$$

мұндағы $B_{менш.}$ - меншікті шартты отынның жылдық шығыны, кг.ш.о./кВт*сағ.

Энергияны жіберуге кеткен табиғи отынның жылдық шығыны:

$$B_{т.о.} = 2628 \cdot 29300 / 39430 = 1952,83 \text{ т/жыл}.$$

Мұндағы 29300 – шартты отынның меншікті жану жылуы, кДЖ/кг;

Q – табиғи отынның меншікті жану жылуы, кДЖ/кг:

Көмір үшін - 27217 кДЖ/кг (Қарағанды), 20306 кДЖ/кг (Екібастұз);

Мазут үшін- 39430 кДЖ/кг;

Газ үшін – 34330 кДЖ/м³.

Қаржы салулар және негізгі қорлардың амортизациялық шыға-рылулары Иа шығындық немесе негізгі жабдықтардың, құрылыстар, ғимараттар, қосалқы жабдықтарды жетілдіруі мен жаңартылуына шығарылатын қаржымен анықталады.

$$Ш_{аморт} = 37,41 / 100 \cdot 272685 = 102011,45 \text{ млн. теңге};$$

мұндағы α_i – амортизацияның орта өлшем мөлшері (5-8) %

K – стансаны салуға кеткен қаржы салымдары, млн.теңге.

Стансаның пайдаланатын қызметкерлер табысы $Ш_{сак}$, соның ішінде: негізгі жұмысшы қызметкерлер табысын; инженерлі- техникалық жұмысшылар, жөндеуші қызметкерлер, әкімшілік қызметкерлер табыстары жатады.

$$Ш_{сак} = n_{дана} N_y \cdot EA_{орт}, \quad (5.9)$$

мұндағы $n_{дана}$ - берілген станса үшін штаттық коэффициент - 1,5;

N_y - электр стансасының орнатылған қуаты.

$EA_{орт}$ - өндірістегі қызметкерлердің бір адамның орта жылдық қорының табысы.

$$Ш_{сак} = 1,5 \cdot 32 \cdot 72000 = 3,456 \text{ млн. теңге};$$

Жөндеу шығындары $\Pi_{\text{жөн}}$, негізгі және қосалқы жабдықтар, құрылыстар, ғимараттар және автопарктің жөндеуінің шығындары

$$\Pi_{a/ж} = (0,1 - 0,2) \cdot \Pi_{аморт}, \quad (5.10)$$

$$\Pi_{a/ж} = (0,1 - 0,2) \cdot \Pi_{аморт} = 0,2 \cdot 102011,45 = 20402,29 \text{ млн.теңге.}$$

Жалпы станциялық шығындарға $\Pi_{\text{ж.ст.}}$ өзіне сым тетікке, ұялы байланыс және байланыстың басқа түрлеріне кететін шығындар, есептегіш техниканың қызметі, еңбекті қорғау шығындары, кадрлар дайындау шығындары, құқықтық дәрістік шығындар, банк қызметі, агротехника қызметі, лифтілер, өрт сөндіруші және қорғаныс қызметі, кеңселік және пошталық қызметтері кіреді.

$$\Pi_{\text{ж.ст.}} = (0,16 - 0,32) \cdot (\Pi_{\text{еак}} + \Pi_{\text{амотр}} + \Pi_{a/ж}); \quad (5.11)$$

$$\Pi_{\text{ж.ст.}} = 0,32 \cdot (3,456 + 102011,45 + 20402,29) = 39173,50 \text{ млн.теңге}$$

Жалпы стансаға кететін жылдық шығындар:

$$\Pi_{\text{ст}} = \Pi_{\text{а}} + \Pi_{\text{еак}} + \Pi_{\text{жөн}} + \Pi_{\text{жст.}}; \quad (5.12)$$

$$\Pi_{\text{ст.}} = 102011,45 + 3,456 + 20402,29 + 39173,5 = 161590,69 \text{ млн.теңге.}$$

5.3.2 Өзіндік құн

Кәсіпорынның электр желілеріндегі электр энергиясын тасымалдаудың толық өзіндік құны энергияны тасымалдау мен бөліп таратуға байланысты қосынды ұстанымдар және тұтынушыға таза жіберілген энергияның мөлшерімен анықталады:

$$\Pi_{\Sigma} = \Pi_{\text{айн}} + \Pi_{\text{тұр}} \quad (5.13)$$

Стансадан өндірілген немесе қосалқы сатнасадан өткізілген электр энергиясының өзіндік құны

$$S_{\text{тасым}} = \frac{\Pi_{\Sigma}}{\mathcal{E}_{\text{жыл}}}$$

$$S_{\text{тасым.}} = \frac{161590696000}{62780000000} = 2,57 \text{ теңге/кВт·сағ.}$$

5.3.3 Өткізу көлемі. Пайданы анықтау

Өткізу көлемі (өткізілген электр энергиясының құны) электр энергиясының тұтыну көлемінің өсуіне байланысты өсіп отырады:

$$Q_{p,t} = B_{\text{э}} \cdot (\mathcal{E}_t - \Delta \mathcal{E}_{\text{всп.т}}); \quad (5.14)$$

мұндағы $B_{\text{э}}$ – электр энергиясының бағасы;

$\mathcal{E}_t$ – электр энергиясының тұтыну көлемінің өсуіне байланысты тасымалданған электр энергиясының көлемі және келесідегідей тәуелділікті көрсетеді:

$$\mathcal{E}_t = k_{\text{игеру.т}} \cdot \mathcal{E}; \quad (5.15)$$

$\Delta \mathcal{E}_{\text{ыср},t}$ – электр энергиясының тұтыну көлемінің өсуіне байланысты қаралып отырған желідегі электр энергиясының шығыны келесідегідей есептеледі:

$$\Delta \mathcal{E}_{\text{пот},t} = \Delta \mathcal{E}_{\text{ыср}} + k_{\text{игеру},t}^2 \cdot \Delta \mathcal{E}_{\text{айн}} ; \quad (5.16)$$

Станса үшін электр энергиясының өзіндік құнына қажеті рентабелділік нормасын қосу арқылы анықтауға немесе егер нарықта біәсекелестік болатын болса онда нарықтағы бағадан жоғары қоюға мүмкін болмайды. Оны төмендегідей беруге болады:

$$Б_{\text{ээ}} = S \cdot (1 + \rho); \quad (5.17)$$

Мұндағы ρ - рентабелділік нормасы.

$$Б_{\text{ээ}} = S \cdot (1 + \rho) = 2,57 \cdot 1,5 = 3,855 \text{ тенге/кВт} \cdot \text{сағ};$$

$$Q_{p,t} = Б_{\text{ээ}} \cdot \mathcal{E}_t = 3,855 \cdot 62780000000 = 242016900000 \text{ тенге};$$

$$П_t = Q_{p,t} - III_{\Sigma} = 242016900000 - 161590696000 = 80426204000 \text{ теңге};$$

5.4 Инвестицияның экономикалық тиімділігін бағалау

5.4.1 Инвестицияның экономикалық тиімдігін есептеудің негізгі әдістері

Инвестицияның қаржылық-экономикалық тиімділігінің көрсеткіштері мен критерийлері ретінде қаржылық салымдардың қарапайым өтелу мерзімі, таза келтірілген (дисконтталған) құн (ТДҚ), ішкі табыс нормасы, дисконтталған өтелу мерзімі, инвестицияның рентабелділік индексі қолданылады.

Осы әртүрлі әдістерді қолданған кезде бір-біріне қайшы нәтижелерді алынуы мүмкін, сондықтан инвестицияны бағалау әдістерін кешенді салыстыра отырып жобаның қайсысы тиімдірек екені таңдалады.

1 Қаржылық салымдардың қарапайым өтелу мерзімі - таза пайданы салынған инвестицияны қанша уақыттан кейін қайтара алатын көрсетеді, содан кейін таза пайданың өз игілігіне пайдаланылатынын білдіреді.

$$T_{\text{отелу}} = \frac{I}{П_{\text{жоба}}}; \quad (5.18)$$

мұндағы I – капитал салымдары (инвестиция);

$П_{\text{жоба}}$ – жобаны енгізу нәтижесінде алынатын жылдық пайда.

$$T_{\text{отелу}} = \frac{I}{П_{\text{жоба}}} = \frac{272685000000}{80426204000} = 4 \text{ жыл};$$

Жобаның өтелу мерзімі 4 жылды құрады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Дипломдық жобада қысқа тұйықталу тоқтарын есептеп, алынған тоқтар бойынша негізгі электр құрылғыларын, шиналарды таңдадым. Қосалқы

стансада орналасқан трансформатордың дифференциалды қорғанысын есептедім. Сонымен қатар трансформатордың тоқ үзіндісі, асқын жүктемеден қорғанысы, максималды тоқ қорғанысын есептедім.

110 кВ кернеулі желілердің үш сатылы дистанционды есептер жүргіздім.

Арнайы бөлімде ажыратқыштың жұмыс істемеу кезіндегі резервті іске қосу құрылғысының логикалық сұлбасын жасап, оның жасап тұрғанын тексердім.

Өміртіршілік қауіпсіздігі бөлімінде электр қондырғыларына қызмет көрсетудегі қауіпсіздік шаралары, қосалқы станцияның ауа алмасуының есептеулері жүргізілді.

Экономикалық бөлімде берілген тапсырмаларға сәйкес электр энергия сұранысының өзгеруіне байланысты шығынды болжау және талдау, аймақтық электр желілері компаниялардың желілеріне электр энергиясын тасымалдау мен тарату қызметтерінің тариф деңгейлерінің есебі, тарифтік смета жасалды.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Неклепаев Б.Н., Крючков И.П. Электрическая часть ЭС и ПС: Справочные материалы для курсового и дипломного проектирования: Уч.пос. для вузов. - 4-е изд., перераб. и доп. – М.: Энергоатомиздат, 1989. – 608с.

- 2 Шабад М.А. Расчеты РЗ и А распределительных сетей: Монография.- СПб.: ПЭИПК, 2003г.- 350с.
- 3 Чернобровов Н.В., Семенов В.А. РЗ энергетических систем: Уч.пос. для техникумов. В. М.: Энергоатомиздат, 1998.
- 4 Руководящие указания по РЗ. Вып. 13Б. Релейная защита понижающих трансформаторов и автотрансформаторов 110 – 500 кВ. Расчеты. – М.: Энергоатомиздат, 1985. – 96с.
- 5 Федосеев А.М. Релейная защита электрических систем: - М.: Энергия, 1992, - 560 с.
6. Басс Э.И., Дорогунцев В.Г. Релейная защита электроэнергетических систем./ Под ред. А.Ф. Дьякова.- М. :Изд. МЭИ, 2002.- 295 с.
7. Справочник по проектированию эл.снабж./ Под ред. Ю.Г. Барыбина и др. – М.: Энергоатомиздат, 1990. – 576с.
8. Л.Д. Рожкова., В.С. Козулин. Электрооборудование станций и подстанций: Учебник для техникумов. – 3-е изд., перераб. и доп. – М.: Энергоатомиздат, 1987. – 648с.
9. Б.А. Князевский., Б.Ю. Липкин. Электроснабжение промышленных предприятий: Учебник. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Высшая школа, 1979. – 431с.
10. Авербух А.М. Релейная защита в задачах с решениями и примерами. Л.: «Энергия», 1975. 416с.
11. Фигурнов Е.П., Релейная защита. Учебник для вузов железнодорожного транспорта. – М.: Желдориздат, 2002. – 720с.
12. Руководящие указания по РЗ. Вып. 12. Токовая защ. нулевой последовательности от замыканий на землю линий 110 – 500 кВ. Расчеты. – М.: Энергия, 1980. – 88с.
13. Правила устройства электроустановок. 6-е изд. М.: Энергоатомиздат, 1986.
14. Быков В.А., Зимаков В.А., Овласюк В.Я., Хальков В.С., Шилов Л.Н. Электронные устройства релейной защиты и автоматика в системах тягового энергоснабжения. М.: «Транспорт», 1974. – 304с.
15. Справочник по электроснабжению железных дорог. / Под ред. К.Г. Марквардта и др. – М.: Транспорт, 1981. – 392с.
16. Башкиров М.В., Бугубаев С.А. Спец. главы РЗ и автоматики систем электроснабжения. Метод. ук. – Алматы, АИЭС, 1999. -18с.
17. Долин П.А. Справочник по технике безопасности. 6-е изд., перераб. и доп. – М.: Энергоатомиздат, 1985. – 24 с.